

"Freedom Telecom Operations" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Алға ауданы әкімдігінің 2026 жылғы 4 наурыздағы № 62 қаулысы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 69-бабының 4 тармағының 7-1-тармақшасын, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37- баптарын басшылыққа ала отырып, "Freedom Telecom Operations" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өтініші негізінде, Алға ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Freedom Telecom Operations" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне, Алға ауданы аумағынан сызбаға сәйкес, жалпы көлемі: 10,7982 гектар жер учаскесінде жеке меншік иелерінен немесе жер пайдаланушылардан жер учаскесін алып қоймай "Freedom Telecom Operations" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне "Ақтөбе-Орал" бағытындағы талшықты-оптикалық байланыс желісін пайдалану үшін уақытша өтеулі ұзақ (10 жыл) мерзім құқығына қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Алға аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Алға аудандық әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алға ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Алға ауданының әкімі

А. Шуиншалиев